

Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 307 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 желтоқсанда № 17920 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 6 т. қараңыз

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен

кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 2-тармағының 8) тармақшасын, 8-тармағының 3) тармақшасын, 12-тармағын және 43-тармағының екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерін қоспағанда мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Ұлттық Банк
Төрағасы*

Д. Ақышев
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 307 қаулысымен
бекітілген

Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 80-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленген және орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру талаптары мен тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) депонент – орталық депозитарийдің Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында айқындалған функцияларды жүзеге асыратын клиенті;

2) депонент клиенті – номиналды ұстау қызметтерін көрсетуге депонентпен жасалған шартқа сәйкес депоненттің қызметтерін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

3) есеп айырысу ұйымы – орталық депозитарийдің тапсырмасы бойынша ұлттық валютада және шетел валютасында ақша аударуды және есепке алуды жүзеге асыратын ұйым;

4) есепке алу ұйымы – қаржы құралдарын есепке алу үшін орталық депозитарийдің атына жеке шоттар ашылған кастодиан банк, халықаралық және шетелдік депозитарийлер;

5) қосалқы шот – уәкілетті органның лицензиясы негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бағалы қағаздар нарығында дилерлік

қызметті жүзеге асыратын депонентке (депонент клиентіне) немесе ұйымдарға тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған жеке шот шеңберінде ашылатын қосалқы шот ;

6) резервтік орталық – орталық депозитарийдің есепке алу жүйесін құрайтын электрондық деректердің сақталуын жүзеге асыратын ұйым;

7) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;

8) халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) – бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында оларға орталық депозитарий беретін әріптік-цифрлық код.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 262 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Орталық депозитарий күнделікті орталық депозитарийдің есепке алу жүйесін құрайтын электрондық деректерді резервтік көшіруді және сақтауды жүзеге асырады.

Резервтік көшірмелер ақпаратқа рұқсат етілмеген кіруден қорғалуға тиіс және олар жаңартылған резервтік көшірмелерге ауыстырғанға дейін сақталады.

Резервтік көшірмелер резервтік орталықта не уәкілетті органның сейфтік операцияларды жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымда сыртқы ақпарат тасымалдағыштарда сақталады.

Орталық депозитарий резервтік көшірмелерді сақтау шарты жасалған (бұзылған) күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде шарт жасалған (бұзылған) ұйымның атауын, сондай-ақ шарттың күні мен нөмірін көрсете отырып, бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды.

4. Орталық депозитарий ішкі бақылауды өзінің басқару органы бекіткен, мыналарды айқындайтын ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырады:

1) ішкі бақылаудың объектісін;

2) орталық депозитарийдің ішкі бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлеріне қойылатын талаптарды;

3) орталық депозитарийдің лауазымды адамдары мен қызметкерлері жүзеге асыратын ішкі бақылау рәсімдерін, оларды жүргізу мерзімдері мен тәртібін;

4) орталық депозитарийдің ішкі бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерінің, орталық депозитарий органдарының ішкі бақылау нәтижелері туралы хабарлау тәртібі мен мерзімдерін.

5. Орталық депозитарийдің басқару органы ішкі аудит қызметін құруды қамтамасыз етеді және ішкі аудит қызметінің ішкі аудит саласындағы міндеттерін орындауы үшін жағдай жасайды.

Ішкі аудит қызметі жұмысының мәселелері бойынша орталық депозитарийдің басқару органы бекіткен ішкі құжаттарында:

ішкі аудит қызметінің құрамы, оның функциялары, міндеттері мен өкілеттіктері;

ішкі аудитті жүзеге асыратын қызметкерлерге қойылатын талаптар;

ішкі аудит объектісі;

ішкі аудит қызметіне тексерулер жүргізу ауқымы және жиілігі;

ішкі аудитті жүргізу жоспарын жасауға қойылатын талаптар;

ішкі аудит қызметінің тексеру нәтижелері туралы есептерді орталық депозитарийдің басқару органына ұсыну мерзімдері мен нысаны айқындалады.

Орталық депозитарийдің ішкі бақылауды және (немесе) ішкі аудитті жүзеге асыратын қызметкерлері ішкі бақылау және (немесе) ішкі аудит объектісі болып табылатын қызмет түрлерін жүзеге асырмайды.

Орталық депозитарийдің операциялық күні бір күнде кемінде жеті сағаттық жұмыс уақытын құрайды.

6. Орталық депозитарий өз клиенттеріне және қор биржасына қағидалар жинағына барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерге ақы төлеудің мөлшеріндегі және тәртібіндегі өзгерістер туралы олар қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабарлайды.

6-1. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң) 25-1-бабына сәйкес іске асырылған операцияның нәтижелері бойынша ақша төлеуді жүзеге асыру үшін акционерлердің тізімі орталық депозитарий қағидаларының жинағына сәйкес жасалады.

Орталық депозитарий осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді Акционерлік қоғамдар туралы заңның 25-1-бабының 1-тармағында көрсетілген тұлға (бұдан әрі – ірі акционер) өтініш берген акционерлік қоғамға (бұдан әрі – қоғам) акционерлердің өздеріне тиесілі қоғамның акцияларын ірі акционердің талап етуі бойынша Акционерлік қоғамдар туралы заңның 25-1-бабына сәйкес сату мәмілесін жүзеге асырғанға дейін ұсынады.

Ескерту. 1-тарау 6-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.07.2019 № 125 (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 25.06.2025 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2-тарау. Орталық депозитарийдің депозитарлық қызметі

7. Орталық депозитарий депозитарлық қызметті жүзеге асыру барысында:

1) депоненттерге қаржы құралдарының номиналдық ұстау қызметтерін көрсетеді;

2) бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында жасалған мәмілелер бойынша және бағалы қағаздардың ұйымдаспаған нарығында жасалған мәмілелер бойынша оның депоненттерінің, сондай-ақ өзге клиенттерінің қатысуымен қаржы құралдарындағы есеп айырысуларды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарға депозитарлық қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес өзге де қызметтің түрлерін көрсетеді.

7-1. Орталық депозитарий клиентке қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу немесе сату бойынша қызметтер көрсетуді Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысында, банктік шот шартында және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Валюталық бақылау агентінің функцияларын орындайтын уәкілетті банк ретінде танылатын орталық депозитарий Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысына сәйкес жүргізілген валюталық операциялар туралы есептерді жібереді.

Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7-2. Орталық депозитарийдің құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын сақтау жөнінде қызметтер көрсетуі 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім), "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 7-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Орталық депозитарийдің ұйымдық құрылымына:

1) депозитарлық қызметті;

2) қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеу кезінде, қаржы құралдары бойынша кірісті төлеу және оларды өтеу кезінде ақша аударымдарын жүзеге асыруды, сондай-ақ депоненттердің және олардың клиенттерінің ақшасын есепке алуға және сақтауға арналған ағымдағы шоттарды ашуды және жүргізуді;

3) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін және жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді;

4) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті;

5) тәуекелдерді басқаруды;

б) ішкі аудитті жүзеге асыратын жекелеген бөлімшелер кіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген бөлімшенің болуы туралы талап орталық депозитарийге, ол қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асырған кезде қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген бөлімшелердің қызметкерлері қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыратын бөлімшені қоспағанда, басқа бөлімше қызметкерлерінің функциялары мен міндеттерін қоса атқармайды.

9. Орталық депозитарий өз активтерінің есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру бойынша инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін құрамында 3 (үш) адамнан кем болмайтын инвестициялық комитетті құрады.

10. Инвестициялық комитеттің құрамына:

- 1) орталық депозитарийдің атқарушы органының мүшелері;
- 2) орталық депозитарийдің тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесінің басшысы кіреді.

Инвестициялық комитеттің мүшелерін сайлауды орталық депозитарийдің атқарушы органы жүзеге асырады.

11. Орталық депозитарий:

- 1) ақпараттық-талдамалық қызметтерді көрсететін ұйымдарды;
- 2) орталық депозитарийдің қызметіне техникалық қолдау көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды;
- 3) клирингтік немесе есеп айырысу ұйымдарын қоспағанда, заңды тұлғалардың құрылуына және қызметіне араласпайды.

12. Орталық депозитарий Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 80-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітілген бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібіне сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүзеге асырады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12-1. Орталық депозитарий бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру қызметі шеңберінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының ықпалдасқан ақпараттық жүйесін пайдалану және қолдау;
- 2) өзінің клиенттеріне биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының ықпалдасқан ақпараттық жүйесіне кіруге рұқсат беру;
- 3) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау үшін орталық депозитарий клиенттерінің

арасында бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарына баға белгілеумен алмасуды ұйымдастыру;

4) орталық депозитарий клиенттерінің арасында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы хабарламалармен алмасуды ұйымдастыру;

5) Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделген өзге де функциялар.

Орталық депозитарийдің бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру тәртібі орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленеді.

Ескерту. 2-тарау 12-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.07.2019 № 125 (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12-2. Орталық депозитарий бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында эмитенттің корпоративтік оқиғалары туралы мынадай ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етеді:

1) эмитенттің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер құрамындағы өзгеріс - бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіндегі және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі өзгерістерді орталық депозитарий тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

2) акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) өзге де ақшалай міндеттемелерін акционерлік қоғамның жай акцияларына айырбастау - орталық депозитарий акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу операциясын тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

3) акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастау - орталық депозитарий акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы жазбаларды енгізу операциясын тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

4) акцияларды бөлшектеу - орталық депозитарий акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларын бөлшектеу операциясын тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орталық депозитарий ашатын корпоративтік ақпараттың мазмұны орталық депозитарийдің қағидалар жинағымен айқындалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты беру мақсатында орталық депозитарий дауыс беретін акциялар ретінде қабылдайды:

1) Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде ашылған ұстаушылардың жеке шоттарында ескерілетін акциялар;

2) осы Қағидалардың 18-тармағының 1), 4), 5) және 6) тармақшаларында санамаланған қосалқы шоттарда ескерілетін акциялар.

Ескерту. 12-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12-3. Орталық депозитарий уәкілетті органға облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны облигациялар шығару проспектісінде (жеке меморандумда) белгіленген өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде береді.

Орталық депозитарийдің хабарламасы төмендегілерді көрсете отырып, эмитенттің облигацияларды өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындауы туралы ақпаратты қамтиды:

- 1) облигациялар туралы мәліметтерді (ISIN, эмитенттің атауы);
- 2) облигацияларды өтеу күні;
- 3) облигациялардың номиналды құны;
- 4) облигацияларды өтеу күнгі жағдай бойынша эмитент сатып алған облигациялардың саны туралы мәліметтер;
- 5) оларды өтеу күніне айналыстағы облигациялардың саны туралы мәліметтер;
- 6) облигациялар бойынша соңғы купондық кезең үшін төленген сыйақының жиынтық мөлшері және номиналды құнын өтеу сомасы.

Егер эмитент облигацияларды өтеу міндеттемелерін орындамаған және осы бағалы қағаздар эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығына ауыстырылса, осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген ақпарат берілмейді.

Ескерту. 12-3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Орталық депозитарий клиенттерге, клиринг ұйымдарына және (немесе) бағалы қағаздардың ұйымдасқан және ұйымдаспаған нарығының орталық контрагентіне Қағидаларда және орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленген талаптармен және тәртіппен қызмет көрсетеді.

14. Орталық депозитарий өз клиенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары мен қаржы құралдары бойынша мәмілелерді тіркеу, есепке алуды жүргізу және құқықтарды растау мақсатында жеке шоттар (қосалқы шоттар) ашады және күндерді, уақытты және оларды жүргізу үшін негіздерді көрсете отырып, жеке шоттар (қосалқы шоттар) бойынша операциялардың есебін жүргізеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14-1. Жеке тұлға болып табылатын клиентті биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып сәйкестендіру кезінде сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының (бұдан әрі – СДАО) қызметін пайдалануға жол беріледі.

Жеке тұлға болып табылатын клиентті сәйкестендіру кезінде мемлекет қатысатын кредиттік бюроның қызметтерін пайдалануға жол беріледі.

Орталық депозитарийдің СДАО-мен немесе мемлекет қатысатын кредиттік бюромен өзара іс-әрекет жасауы олардың арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады, шартта мына талаптар қамтылған, алайда олармен шектелмейді:

- 1) қызметті ұсыну және алу тәртібі мен мерзімі;
- 2) қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімдері;
- 3) алынатын комиссияның мөлшері, оны алу тәртібі;
- 4) тараптардың жауапкершілігі, оның ішінде конфиденциалдылық режимін сақтау, бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны сақтау және клиенттердің дербес деректерін қорғау бөлігіндегі жауапкершілігі;
- 5) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 6) алынған сәйкестендіру нәтижелерін және (немесе) мәліметтерді сақтау тәртібі;
- 7) талаптарды қою тәртібі және даулы жағдайларды шешу тәсілдері.

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14-2. Қағидалардың 14-1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, сәйкестендіру құралы арқылы расталған, оның ішінде қажет болған кезде үшінші тұлғаларға дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және ұсынуға алынған клиенттің келісімі негізінде орталық депозитарий клиентте бар орталық депозитарийдің құрылғыларын және (немесе) құрылғыларын пайдалана отырып, клиентпен бейнеконференция сеансын өткізеді. Бейнеконференция сеансының мазмұнды бөлігін (бақылау сұрақтарының тізбесі), сондай-ақ клиенттерді қашықтан сәйкестендіру кезінде орталық депозитарий көрсететін қызметтердің тізбесі мен көлемін орталық депозитарий дербес белгілейді.

Орталық депозитарий СДАО-ға клиенттің жеке не бизнес-сәйкестендіру нөмірін және бейнеконференциябайланысы сеансынан алынған клиенттің бейне суретін береді.

СДАО бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы өзінің ішкі рәсімдеріне сәйкес биометриялық көрсеткіштер бойынша сәйкестік дәрежесін анықтайды.

Клиенттердің өтініштерінің бейнежазбалары (бейнеконференциябайланысы сеансының жазбалары) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде клиенттің дербес шоты (қосалқы шоттары) жабылған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде орталық депозитарийде сақталады.

Фотобейнелердің биометриялық көрсеткіштер бойынша сәйкестік дәрежесінің нәтижелері және СДАО қолжетімді көздерден алған клиенттің сәйкестендіру деректері орталық депозитарийге беріледі.

Ескерту. 14-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Орталық депозитарий клиенттерінің қаржы құралдарын есепке алу орталық депозитарий клиенттерінің ақшасын қоспағанда, орталық депозитарийдің өзіне тиесілі қаржы құралдарынан бөлек баланстан тыс шоттарда жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Орталық депозитарий номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде мынадай заңды тұлғаларға жеке шоттар ашады:

- 1) уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясына ие;
- 2) уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясына ие;
- 3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне;
- 4) уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығында дилерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясына ие;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дилерлік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын;
- 6) шетелдік депозитарийлер, кастодиандар және клирингтік ұйымдар;
- 7) Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларға ұқсас функцияларды жүзеге асыру құқығына ие шетелдік ұйымдар;
- 8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор;
- 9) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйым;
- 10) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларға ұқсас функцияларды жүзеге асыру құқығына (лицензиясына) ие ұйымдар;
- 11) клирингтік ұйымдар.

Орталық депозитарий номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жоғарыда көрсетілген заңды тұлғаларға номиналды ұстаушының бір ғана жеке шотын ашады.

Номиналды ұстаушының жеке шотын ашу орталық депозитарий "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан

әрі – Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заң) көзделген клиентті тиісінше тексеру жөніндегі шараларды қабылдағаннан кейін жүргізіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16-1. Қағидалардың мақсаттары үшін шот операторы деп депонент берген өкілеттіктер шегінде осы депонентке номиналды ұстаушының жеке шотын және (немесе) орталық депозитарийде депоненттің атына ашылған банктік шоттарды басқару жөнінде қызметтер көрсететін екінші деңгейдегі банк түсініледі.

Депонент орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен және талаптармен орталық депозитарийдің клиентін шот операторы етіп тағайындайды.

Шот операторы орталық депозитарийге депоненттің жеке шоты, депоненттің жеке шоты шеңберіндегі қосалқы шоттар бойынша операциялар жүргізу, депоненттің жеке шотында есепке алынатын қаржы құралдарымен мәмілелерді (операцияларды) тіркеу, сондай-ақ депоненттің банктік шоттарында есепке алынатын ақшамен операциялар жүргізу үшін негіз болып табылатын бұйрықтар мен басқа да құжаттарды береді.

Шот операторы орталық депозитарийден қаржы құралдарымен және (немесе) ақшамен жасалған осы мәмілелердің (операциялардың) орындалуы туралы есептерді және, егер ол депонент берген өкілеттіктерде көзделген болса, операторы болып табылатын депоненттің шоты (шоттары) бойынша басқа да құжаттарды алады.

Ескерту. Қағидалар 16-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Қағидалардың 16-тармағының 4), 5) және 11) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның жеке шотында осы заңды тұлғаға тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған бір қосалқы шот қана ашылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Депоненттердің және олардың клиенттерінің қаржы құралдарын бөлек есепке алуды қамтамасыз ету үшін депоненттің жеке шотында орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалған тәртіппен мынадай қосалқы шот ашылады:

1) депонентке тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған депоненттің қосалқы шоты;

2) депонент бағалы қағаздардың қайталама нарығында сатып алған қаржы құралдарын есепке алуға арналған, депоненттің сатып алған меншікті бағалы қағаздарды есепке алуға арналған қосалқы шоты;

3) осы депоненттің орналастырылмаған қаржы құралдарын есепке алуға арналған, депоненттің жария етілген бағалы қағаздарды есепке алуға арналған қосалқы шоты;

4) депоненттің клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын біріктірілген есепке алуға арналған қосалқы шоты.

Депоненттің сұратуы бойынша оған өз клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын біріктірілген есепке алуға арналған депоненттің бірнеше қосалқы шоты ашылады.

Депоненттің клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын біріктірілген есепке алуға арналған қосалқы шоттарын пайдалану тәртібі орталық депозитарийдің қағидалар жинағымен айқындалады;

5) Қағидалардың 37-1 және 37-2-тармақтарына сәйкес орталық депозитарий берген депонент клиентінің бірегей коды бойынша ашылатын және депоненттің осы клиентіне тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған депонент клиентінің қосалқы шоты;

6) номиналды ұстаушы болып табылатын клиенттің номиналды ұстауға берілген қаржы құралдарын есепке алуға арналған қосалқы шоты.

Номиналды ұстаушы болып табылатын клиенттің қосалқы шоты:

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларға ұқсас функцияларды жүзеге асыру құқығына ие шетелдік депозитарийге, шетелдік кастодианға немесе шетелдік ұйымға олардың клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын есепке алу үшін олардың жеке шотында;

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларға ұқсас функцияларды жүзеге асыру құқығына ие, депоненттің клиенті болып табылатын шетелдік ұйымға;

номиналды ұстаушыға – шетелдік мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын есепке алу үшін кастодианның клиенті болып табылатын Қазақстан Республикасының резидентіне;

"Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының листингіндегі қаржы құралдарын есепке алу үшін "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйымға;

"Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларға ұқсас функцияларды жүзеге асыру құқығына (лицензияға) ие ұйымға ашылады.

7) эмитент бағалы қағаздардың қайталама нарығында сатып алған қаржы құралдарын есепке алуға арналған, эмитенттің сатып алған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған қосалқы шоты;

8) осы эмитенттің орналастырылмаған қаржы құралдарын есепке алуға арналған, эмитенттің жария етілген бағалы қағаздарды есепке алуға арналған қосалқы шоты.

Банкаралық төлем карталары жүйесінің қатысушылары болып табылатын депоненттер немесе депоненттердің клиенттері үшін банкаралық төлем карталары

жүйесі бойынша кепілді қамтамасыз ету болып табылатын қаржы құралдарын жеке есепке алу мақсатында депоненттің дербес шотында осы тармақтың 1) және 5) тармақшаларында көрсетілген жеке қосалқы шоттар ашылады;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сұратуы бойынша оған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған депоненттің бірнеше қосалқы шоты ашылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18-1. Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

18-2. Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

19. Орталық депозитарийдің депоненті номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен кастодиандық, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті қоса атқарған кезде:

1) Қағидалардың 18-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген қосалқы шоттар номиналды ұстау немесе шот операторы қызметтерін көрсете отырып брокерлік қызметті көрсету туралы шартқа сәйкес депонент ұсынған қосалқы шотты ашу жөніндегі бұйрық негізінде ашылады;

2) Қағидалардың 18-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген қосалқы шоттар депонент кастодиандық немесе шот операторы қызметін көрсету шартына сәйкес:

Қазақстан Республикасының резиденттеріне кастодиандық қызмет көрсетуге берілген, тиесілі қаржы құралдарын есепке алу үшін оларға;

шетелдік мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын есепке алу үшін Қазақстан Республикасының резидент – номиналды ұстаушыларына;

Қазақстан Республикасының бейрезидент – номиналды ұстаушыларына ұсынған, қосалқы шот ашу жөніндегі бұйрық негізінде ашылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Орталық депозитарий клиенттерінің (депоненттер клиенттерінің) жеке шоттарын (қосалқы шоттарын) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашу және жүргізу тәртібі Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 36, 57, 58, 59, 60, 61, 78, 80, 81 және 82-баптарында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9876 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014

жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысымен бекітілген Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидаларында (бұдан әрі – № 210 қағидалар), Қағидаларда және орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 25.06.2025 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20-1. Орталық депозитарий СДАО, мемлекет қатысатын кредиттік бюро немесе мемлекеттік дерекқордан операторлар айқындаған тәртіппен, орталық депозитарийдің ішкі қағидаларында айқындалған мерзімдерде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі өз клиенттері туралы деректерді орталық депозитарий жоғарыда көрсетілген көздерден алатын осындай клиенттер туралы ақпаратпен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Осы салыстырып тексерудің қорытындысы бойынша клиент туралы деректерде сәйкессіздіктер анықталған кезде орталық депозитарий оның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен клиент туралы жаңартылуға тиіс деректердің болуын айқындайды және өзінің есептік жүйесіне тиісті өзгерістер енгізеді, содан кейін мұндай клиентке СДАО-ның немесе мемлекеттің қатысуымен кредиттік бюроның қызметтерін пайдаланумен немесе орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен, мерзімде және тәсілмен тікелей мемлекеттік дерекқордан алынған ақпарат негізінде оның деректері жаңартылған жағдайда хабарлама жолдайды.

Ескерту. 20-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

20-2. Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Орталық депозитарий қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеу бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды:

1) депоненттердің немесе шоттар операторларының тиісті бұйрықтары;

2) сауда-саттықты ұйымдастырушының бұйрықтары;

3) клирингтік ұйымның және (немесе) орталық контрагенттің бұйрықтары;

4) ақпараттық жүйелер деректерінің провайдерлері мен орталық депозитарий арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен және талаптармен Bloomberg (Блумберг) және (немесе) Reuters (Рейтер) ақпараттық жүйелері арқылы алынған бұйрықтар және (немесе) өзге де нұсқаулар (күжаттар);

5) қор биржасы немесе клирингтік ұйым мен орталық депозитарий арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен және талаптармен "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін осы қор биржасы немесе клирингтік ұйым бұйрықтарының;

6) шетелдік ұйым немесе клирингтік ұйым мен орталық депозитарий арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен және талаптармен шет мемлекеттің аумағында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті шетелдік ұйымның немесе шет мемлекеттің аумағында қызметті жүзеге асыруға уәкілетті клирингтік ұйымның бұйрықтарының және (немесе) өзге де нұсқауларының (күжаттарының);

7) орталық депозитариймен орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленген тәртіппен шарт жасасқан депонент клиенті бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Депонент клиенттері орталық депозитарийге оның қағидалар жинағында көзделген тәртіппен және талаптармен өтініш берген кезде, орталық депозитарий депонент клиенттерінің бұйрықтары негізінде ақпараттық операцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21-1. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілені орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеу мыналарды қамтиды:

1) бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге бұйрық берген адамның өкілеттіктерін және осы бұйрық нысанының белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру;

2) бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге бұйрықты тіркеу;

3) бағалы қағаздармен мәмілені орындаудан бас тарту үшін негіздер болмаған кезде оны тіркеуге бұйрықта көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру;

4) клиентке немесе шот операторына бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге оның бұйрығының орындалуы туралы есепті жіберу.

Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықты орындаудан бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, егер Қағидаларда және (немесе) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында бұйрықты

орындаудың өзге мерзімі көзделмесе, бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықты орындауды орталық депозитарий қарсы бұйрықты алған күннен кейін екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Ескерту. Қағида 21-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

22. Орталық депозитарий бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде оның:

1) орталық депозитарий клиентінің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиясының және (немесе) лицензиясына қосымшаның қолданысы тоқтатыла тұрған немесе одан айырылған (қайтарып алынған) (қаржы құралдарын басқа депоненттерге номиналды ұстауға аудару немесе орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан қаржы құралдарын шығару жөніндегі операцияларды және ақпараттық операцияларды қоспағанда);

2) уәкілетті орган немесе бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұруға немесе тоқтатуға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар (ақпараттық операцияларды қоспағанда) бағалы қағаздардың айналысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған;

3) бағалы қағаздар шығару талаптарына сәйкес бағалы қағаздардың айналысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған (ақпараттық операцияларды, номиналды ұстаушыны ауыстыру кезінде қажетті немесе осындай бағалы қағаздарды өтеу кезінде жүргізілетін операцияларды, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына ашылған қосалқы шоттардан бағалы қағаздарды есептен шығару және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ашылған қосалқы шотқа есепке жатқызу жөніндегі операцияларды қоспағанда);

4) бұйрық орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген нысанға сәйкес келмеген;

5) толтыру үшін міндетті бұйрықтың деректемелері болмаған, сондай-ақ түзетулер немесе боялған жерлер болған;

6) бұйрықтардағы қолдардың үлгілері нотариат куәландырған үлгілерге сәйкес келмеген;

7) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) жеке шот (қосалқы шот) бұғатталған;

8) банктерді біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың біреуіне қатысты "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк

қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген жеке шоттарынан (шоттарына) (қосалқы шоттарынан (қосалқы шоттарына) қаржы құралдарын есептен шығару (есепке жатқызу) жөніндегі операцияларды жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген қаржы құралдарына ауыртпалықтар болған ;

9) есептеулерін есепке алу ұйымы жүзеге асыратын бұйрықтардың жекелеген түрлеріне қатысты орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, орталық депозитарий клиенттерінің қаржы құралдарының және (немесе) шоттарында (қосалқы шоттарында) қажетті ақша саны болмаған;

10) егер оны беру қажеттілігі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген болса, қарсы бұйрық болмаған;

11) есепке алу ұйымының орталық депозитарийдің қаржы құралдарын номиналды ұстауға (номиналды ұстаудан) енгізуге (шығаруға) бұйрығын орындамағаны туралы хабарлама алған;

12) мәміле Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес келмеген жағдайларда;

13) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген жағдайларда орындалмау себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде немесе Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында бас тартуды ресімдейді.

Жазбаша түрдегі бас тарту орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген байланыс түрлерімен жіберіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Орталық депозитарий құжаттама нысанында шығарылған қаржы құралдарын және клиенттердің олар бойынша құқықтары туралы жазбаларды, оның ішінде көрсетілген ақпаратты көшіру жүйесін және жазбаларды сақтаудың қауіпсіз жүйесін пайдалану арқылы сақтау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

24. Орталық депозитарий құжаттама нысанында шығарылған қаржы құралдарын материалсыздандыруды аталған қаржы құралдары бойынша құқықтарды орталық депозитарий клиенттерінің жеке шоттарында (қосалқы шоттарында) номиналды ұстауды өзінің есепке алу жүйесінде есепке алу және куәландыру арқылы жүзеге асырады.

Орталық депозитарий қаржы құралдары бойынша клиенттердің құқықтарын орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке шоттан (қосалқы шоттан) үзінді-көшірмені беру арқылы растайды.

25. Орталық депозитарий материалсыздандырылған қаржы құралдарын Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтауды жүзеге асырады.

26. Номиналды ұстаудағы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеу бойынша және оларды өтеген кезде төлем агентінің функцияларын орындау мақсатында орталық депозитарий бірмезгілде клиенттерге номиналдық ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шоттар (қосалқы шоттар) мен банк шоттарын ашады.

26-1. Шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдары бойынша кірістер төлемдерін алу шеңберінде орталық депозитарий қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен және талаптармен шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес төленетін қаржы құралдары бойынша кірістерден алынатын салықтарды әкімшілендіру функцияларын жүзеге асырады.

Ескерту. Қағидалар 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Орталық депозитарий клиенттерінің, депоненттер клиенттерінің ақшасын есепке алу, сондай-ақ талап етілмеген ақшаны баланстан тыс шоттарда орталық депозитарийде жүзеге асырылады.

Депоненттің және оның клиенттерінің ақшасын есепке алуды орталық депозитарий бөлек жүргізеді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Орталық депозитарий күн сайын брокерлерден және (немесе) дилерлерден әрбір клиенттің орталық депозитарийде ашылған шотындағы және эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға арналған ақша сомасы туралы мәліметтерді қабылдауды қамтамасыз етеді.

Брокерлер және (немесе) дилерлер әрбір клиенттің орталық депозитарийде ашылған шотындағы және эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға арналған ақша сомасы туралы ұсынған мәліметтерді орталық депозитарий орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі клиенттің қосалқы шоты жабылған күннен бастап 5 (бес жыл) ішінде сақтауы тиіс.

28-1. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен депоненттің клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын біріктірілген есепке алуға арналған депоненттің қосалқы шоты бойынша номиналды ұстаушының есепке алу жүйесінен мыналар:

есепті күннің басында және соңында осы қосалқы шотта есепте тұрған қаржы құралдарының қалдықтары туралы;

номиналды ұстаушы клиенттерінің жеке шоттары бойынша тіркелген және есепті күн ішінде осы қосалқы шот бойынша жасалған, қаржы құралдарымен операциялар туралы электрондық деректерді күн сайын қабылдауды және сақтауды жүзеге асырады.

Орталық депозитарий уәкілетті органды осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді номиналды ұстаушының ұсынбауы немесе № 210 қағидалардың 16-тармағында белгіленген ұсыну мерзімдерін бұзу фактілері туралы бұзған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Ескерту. Қағида 28-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

29. Орталық депозитарий немесе есеп айырысу ұйымы орталық депозитарийдің тапсырмасы бойынша қаржы құралдарымен мәмілелер жасалған кезде ақша бойынша есеп айырысуды жүзеге асырады.

30. Орталық депозитарий бағалы қағаздарды номиналды ұстау бойынша функцияларды орындау шеңберінде шетелдік номиналды ұстаушы болып табылатын депонент клиентінің артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыруға өтінімді депоненттен немесе шот операторынан алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей осы өтінімді эмитентке жібереді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31. Орталық депозитарий номиналды ұстау қызметін көрсету мақсатында өз атына:

1) қаржы құралдарын есепке алу үшін кастодиан банктерде, халықаралық және шетелдік депозитарийлердегі, сондай-ақ "Астана" Халықаралық қаржы орталығының актілеріне сәйкес депозитарийлік қызметті жүзеге асыратын ұйымда номиналды ұстаудың жеке шоттарын;

2) орталық депозитарий кірісті төлеген кезде және (немесе) орталық депозитарийдің номиналды ұстауындағы қаржы құралдарын өтеген кезде алатын ақшаны есептеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау үшін кастодиан банктерде, халықаралық және шетелдік депозитарийлерде банк шоттарын ашады.

31-1. Клиентпен жасалған шартта орталық депозитарийдің өз меншігіне осы шартта айқындалған операциялардан кіріс алуы көзделуі мүмкін.

Ескерту. Қағидалар 31-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32. Орталық депозитарий мемлекеттік бағалы қағаздарды және олар бойынша құқықтарды есепке алады. Орталық депозитарийдің мемлекеттік бағалы қағаздарға депозиторлық қызмет көрсетуді жүзеге асыру талаптары мен тәртібі Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 7-бабында орталық депозитарийдің қағидалар жиынтығында айқындалады.

33. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен клиенттер (шоттар операторлары) және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар алдында олардың жеке шоттарының (қосалқы шоттарының), банк шоттарының және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде олар туралы мәліметтер бар көрсетілген шоттар бойынша жүргізілетін операциялардың жай-күйі туралы есеп береді.

Клиенттердің және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарынан (қосалқы шоттарынан) және банктік шоттарынан үзінді-көшірмелер ұсыну мерзімдері орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен айналыс мерзімі өткен, эмитенттің оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде осы талап ету құқығы туындаған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарына идентификаторларды береді және уәкілетті органға осындай эмиссиялық бағалы қағаздардың идентификаттау нөмірін көрсете отырып, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарына берілген идентификатор туралы мәліметтерді жібереді.

35. Орталық депозитарий бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімі жүйесінде ашылған жеке шот бойынша айналыс мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздарды есептен шығару және эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын есепке алу бойынша операцияларды жүргізгеннен кейін депоненттердің және олардың клиенттерінің қосалқы шоттарынан осындай эмиссиялық бағалы қағаздарды (номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде мемлекеттік органдардың актілері және Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңның 12-бабында көзделген терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінің негізінде оқшаулау операциясы жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) есептен шығару және осы бағалы қағаздар бойынша туындаған міндеттемелерді (ауыртпалық салу, сенімгерлік басқару) сақтай отырып, эмитенттің осындай эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын есепке жатқызу бойынша операцияларды жүргізеді және депоненттерге немесе шот операторларына:

айналыс мерзімі өткен және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитент жол берген дефолт;

эмитенттің осындай эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарына берілген идентификатор;

орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде депоненттердің және олардың клиенттерінің қосалқы шоттарынан айналыс мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздарды есептен шығару және эмитенттің осындай эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын есепке жатқызу бойынша жүргізілген операциялар туралы мәліметтер қамтылған хабарлама жібереді.

Орталық депозитарий эмитенттің айналыс мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары идентификаторларының тізілімін орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

36. Орталық депозитарий қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымдары акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің көшірмесін алған күні операцияларды номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тиісті жеке шоттарда (қосалқы шоттарда) көрсетеді және депоненттерге немесе шоттар операторларына номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген операциялар туралы есептерді жібереді.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Орталық депозитарий уәкілетті орган берген қызметтің бір лицензияланатын түріне (шағын түріне) лицензиялары бар және Қағидалардың 16-тармағының 1) және (немесе) 2) тармақшаларында көрсетілген қаржы ұйымдары қайта ұйымдастырылған жағдайда, қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған және оған қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының лицензиясы қайта ресімделген қаржы ұйымынан алынған бұйрықтың негізінде, сол күні:

1) қаржы ұйымдары қосылған кезде:

қосылу нәтижесінде пайда болған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының клиенттеріне қосалқы шоттарды ашады;

қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының жеке шоттары шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарындағы бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын) есептен шығарады және қаржы ұйымы қосылу нәтижесінде жаңадан пайда болған жеке шоты шеңберінде ашылған осы клиенттердің қосалқы шоттарына оларды одан әрі есепке алады;

қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының жеке шоттары шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарын жабады;

2) бір қаржы ұйымын екінші қаржы ұйымына қосқан кезде:

қосылу сәтінде қосылу жүзеге асырылатын қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде қосалқы шоттары ашылған клиенттерді қоспағанда, қосылу жүзеге асырылатын қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде қосылатын қаржы ұйымының клиенттеріне қосалқы шоттар ашады;

қосылатын қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарындағы бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын) есептен шығарады және қосылу жүзеге асырылатын қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған осы клиенттердің қосалқы шоттарына оларды одан әрі есепке алады;

қосылған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарын жабады.

Қағидалардың 16-тармағының 1) және (немесе) 2) тармақшаларында көрсетілген уәкілетті органның лицензиясы бар қаржы ұйымы бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған кезде орталық депозитарий бөлу нәтижесінде жаңадан құрылған және оған қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымының лицензиясы қайта ресімделген қаржы ұйымының бұйрығы негізінде және оны алған күні:

уәкілетті органның лицензиясы қайта ресімделген, бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымының клиенттеріне қосалқы шоттар ашады;

бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарындағы бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын) есептен шығару және бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болған, оған уәкілетті органның лицензиясы қайта ресімделген қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған осы клиенттердің қосалқы шоттарына оларды одан әрі есепке жазады;

бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарын жабады.

Қаржы ұйымы бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастырылған кезде бағалы қағаздарын (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын) бөліп шығарылуы жүргізілген қаржы ұйымы клиенттерінің қосалқы шоттарында есепке алу жалғастырылады.

Қаржы ұйымдары қосылу нысанында қайта ұйымдастырылған кезде мұндай қаржы ұйымдарының клиенттерінде екі және одан көп қосалқы шот болған жағдайда, орталық депозитарий қаржы ұйымы қосылу нәтижесінде жаңадан пайда болған жеке шоты

шеңберінде осы клиентке бір қосалқы шот ашады. Қосалқы шот деректемелері ретінде қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының клиенті орталық депозитарийге өзгерістерін ұсынған қосалқы шоттың деректері қабылданады.

Қаржы ұйымдары қосылу нысанында қайта ұйымдастырылған кезде қосылатын ұйым клиентінде біріктіруі жүзеге асырылатын қаржы ұйымының қосалқы шоты болған жағдайда, орталық депозитарий осы клиенттің бағалы қағаздарын (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын) көрсетілген қосалқы шотқа есепке алады.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымдары клиенттерінің қосалқы шоттарынан (қосалқы шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу) операцияларын орталық депозитарий егер мұндай операцияларды тіркеу бағалы қағаздардың меншік иелерін ауыстыруға әкеп соқпаған жағдайда ғана жүзеге асырады.

Егер қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымының және (немесе) оның клиенттерінің қосалқы шоттарында мәмілелер жасауға шектеулер белгіленген бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтар) есепте болса, Қағидалардың осы тармағында көрсетілген іс-қимылдарды орталық депозитарий осы бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есепке алу жүзеге асырылатын қаржы ұйымының және (немесе) оның клиенттерінің қосалқы шоттарында осындай салынған шектеулер туралы және осы шектеулерді салған адамдарға осындай бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) оларға салынған шектеулермен одан әрі есепке алу жүзеге асырылатын қосалқы шоттардың жаңа деректемелері көрсетіле отырып жүргізілген операциялар туралы мәліметтерді бір мезгілде көрсете отырып, жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген операциялар жүргізілгеннен кейін орталық депозитарий қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымдарына орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркелген операциялар туралы есептерді операция жүргізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

2.1-тарау. Орталық депозитарий клиенттеріне және депоненттердің клиенттеріне бірегей кодтарды тағайындау

Ескерту. Қағида 2.1-тараумен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) қаулысымен.

37-1. Депоненттердің клиенттеріне, соның ішінде оның клиенттеріне тиесілі қаржылық құралдарды біріктіріп есепке алу үшін депоненттің қосалқы шотының

шеңберінде қызмет көрсетілетін депоненттердің клиенттеріне, сондай-ақ орталық депозитарий клиенттеріне бірегей кодтарды тағайындау тәртібі орталық депозитарий қағидаларының жиынтығымен белгіленеді.

37-2. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен депоненттің мыналар:

Қазақстан Республикасының резиденті – жеке тұлға депоненті клиентінің жеке сәйкестендіру нөмірі;

Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлғаның немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген заңды тұлғаның депоненті клиентінің бизнес сәйкестендіру нөмірі;

жеке тұлғаның депоненті клиентінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе ол болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының бейрезиденті - жеке тұлғаның депоненті клиентінің жеке басын куәландыратын құжаты;

заңды тұлғаның депоненті клиентінің бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе ол болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының бейрезиденті – заңды тұлғаның депоненті клиентінің тіркелуін растайтын құжат туралы ұсынған мәліметтер негізінде депонент клиентіне бірегей код беруді жүзеге асырады.

Ескерту. 37-2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37-3. Орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленген тәртіппен және мерзімде орталық депозитарий депонентке, шот операторына және сауда-саттықты ұйымдастырушыға депоненттің клиентіне тағайындалған бірегей код туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 37-3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37-4. Орталық депозитарийдің номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде оның бірегей коды бойынша қосалқы шот ашылған және (немесе) қаржы құралдарын біріктірілген есепке алу үшін депоненттің қосалқы шоты шеңберінде қызмет көрсетілетін депоненттің клиенті бойынша эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімінде (акционерлер тізімінде) депоненттің осы клиентіне бірегей код берілген мәліметтерді көрсете отырып, белгілі бір номиналды ұстаушының клиенті ретінде көрсетіледі.";

Егер орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде акционерлердің тізімін жасау үшін қажетті көлемде және уақтылы оның номиналды ұстаушысы туралы белгісі бар ол туралы мәліметтер ашылса, эмитент акционерлерінің тізімінде акционер – депоненттің клиенті көрсетіледі.

Ескерту. 37-4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Депозитарлық қызмет көрсету шарты және банк шотының шарты

38. Депозитарлық қызметті жүзеге асырған кезде орталық депозитарийдің клиенттері Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 78-бабының 3-тармағында көрсетілген тұлғалар болып табылады.

Орталық депозитарий жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу операцияларын жүргізген кезде орталық депозитарийдің клиенттері Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 78-бабының 3-тармағында көрсетілген, орталық депозитариймен банк шоты шартын жасасқан ұйымдар болып табылады.

39. Орталық депозитарий Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 78-бабының 3-тармағында көрсетілген клиенттермен депозитарлық қызмет көрсету шарттарын және (немесе) банк шоты шарттарын жасайды. Шарттар жазбаша түрде жасалады.

Орталық депозитарий бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметтерін көрсеткен кезде депозитарлық қызмет көрсету шартында Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 60-бабына сәйкес номиналды ұстау туралы шартының нормалары қамтылады.

Банк шоты шартын жасаудың талаптары мен тәртібі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларында және орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленеді.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Орталық депозитарий банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізуді, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау бойынша аударым операцияларын "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14335 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 210 қаулысымен бекітілген Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату, сондай-ақ банктердің "Астана

" халықаралық қаржы орталығына қатысушы банктермен корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларында және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-1-тарау. Талап етілмеген ақшаны орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде есепке алу тәртібі

Ескерту. 3-1-тараумен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.07.2019 № 125 (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-1. Қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің бағалы қағаздармен операциялардан түскен ақшаны есепке жатқызуға арналған банктік шоты туралы мәліметтер болмаған кезде, қоғамның ірі акционерінің қалған акционерлерден сатып алған дауыс беретін акцияларына ақы төлеуге арналған ақша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін шотқа аударылады.

Қоғамда, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған кезде, қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа жүзеге асырылады.

Қоғамда, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған кезде, қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күннен кейін күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Таратылатын қоғамда, қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған кезде, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін осы акционерге төленуге жататын ақша, тарату комиссиясы осындай ақшаны төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде орталық депозитарийде ашылған, талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа аударылады.

Эмитентте банктік аударым операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде облигацияларды ұстаушының өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған кезде, соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған осы ұстаушыларға тиесілі сомаларды төлеу облигацияларды ұстаушылардың шоттарына жүзеге асырылады орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер ашылмаған номиналды ұстаушының клиентіне тиесілі талап етілмеген ақшаны төлеу номиналды ұстаушының өз клиентіне ақша аударуды дербес жүзеге асыратын шотына жүзеге асырылады.

Ескерту. 40-1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-2. Қоғамның ірі акционері Акционерлік қоғамдар туралы заңның 25-1-бабына сәйкес қалған акционерлерден сатып алған дауыс беретін акцияларына ақы төлеуге арналған ақшаны және қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде олар туралы өзекті мәліметтер жоқ акционерлерге дивидендтер төлеуге арналған ақшаны есепке алу орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде әрбір тұлға бойынша бөлек жүзеге асырылады.

Ескерту. 40-2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-3. Акционерлік қоғамдар туралы заңның 25-1-бабына сәйкес ірі акционер акционердің бағалы қағаздармен операциялардан түскен ақшаны есепке жатқызуға арналған банк шоты туралы өзекті деректемелері жоқ қалған акционерлерден сатып алған қоғамның дауыс беретін акцияларына ақы төлеу үшін осы тұлға бірмезгілде орталық депозитарийге қоғамның акцияларын сатып алу бұйрығын береді және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа қажетті ақша сомасын аударады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген бұйрыққа акционерлердің өздеріне тиесілі дауыс беретін акцияларды Акционерлік қоғамдар туралы заңның 25-1-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалған ірі акционерге сату бағасын растайтын құжат қоса беріледі.

Акционерлік қоғамдар туралы заңның 25-1-бабына сәйкес акциялары ірі акционерге сатылған акционер болып табылатын тұлғаның талап етуі бойынша орталық

депозитарий осындай талапты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген құжаттың көшірмесін ұсынады. Орталық депозитарий оның қағидалар жинағында белгіленген жағдайларда құжаттың көшірмесін бергені үшін ақы алады, ол оны дайындауға жұмсалған шығыстардан аспауға тиіс.

Ескерту. 40-3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-4. Акционердің бағалы қағаздармен жасалатын операциялардан түсетін ақшаны есепке алуға арналған банктік шоты туралы өзекті мәліметтері жоқ акционерлердің өздеріне тиесілі қоғамның дауыс беретін акцияларын ірі акционердің талап етуі бойынша Акционерлік қоғамдар туралы заңның 25-1-бабына сәйкес сату мәмілесін тіркеуді жүзеге асырғанға дейін орталық депозитарий орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа аударылған ақша сомасын ірі акционердің тиісті бұйрығындағы ақпаратпен салыстырып тексереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген соманың алшақтығы анықталған кезде ірі акционер орталық депозитарийден осы алшақтық туралы хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұйрыққа қажетті түзету енгізеді не орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа жетпей тұрған ақша сомасын аударады.

Егер Акционерлік қоғамдар туралы заңның 25-1-бабына сәйкес ірі акционер қалған акционерлерден сатып алған қоғамның дауыс беретін акцияларына ақы төлеуге арналған ақшаның сомасы талап етілетін сомадан артық болса, онда осындай айырмашылық ірі акционерге оның банктік шотына қайтарылады.

Ескерту. 40-4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-5. Орталық депозитарий эмитентке төлем агентінің қызметін көрсетпейтін болса, эмитент Қағидалардың 40-1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген мерзім ішінде орталық депозитарийге орталық депозитарийдің ішкі құжатымен бекітілген нысанға сәйкес қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде өзекті деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты дивиденд төленбеген акционерлер туралы мәліметтерді жібереді, сондай-ақ қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде олардың өзекті деректемелері туралы мәліметтер жоқ акционерлерге дивиденд төлеуге арналған ақшаны орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа аударады.

Өз облигацияларын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындағаннан кейін банктік аударым операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар эмитент орталық депозитарийдің ережелер жинағында белгіленген тәртіппен және мерзімде орталық депозитарийдің ішкі құжатымен бекітілген нысанға сәйкес соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған сомалар төленбеген облигацияларды ұстаушылар туралы мәліметтерді орталық депозитарийге жібереді қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде олардың өзекті деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты, сондай-ақ орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа осы сомаларды төлеуге арналған ақшаны аударуды жүзеге асырады.

Орталық депозитарий облигациялар бойынша дивидендтер және (немесе) сыйақы, және (немесе) облигацияны өтеу үшін арналған сома төленбеген қаржы құралдарының ұстаушылары жөнінде эмитенттен алған мәліметтерді орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі ақпаратпен салыстырып тексереді, сондай-ақ эмитенттен орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа түскен ақша сомасын осы эмитенттің ұсынған мәліметтерінде көрсетілген ақша сомасымен салыстырып тексереді.

Осы тармақтың үшінші бөлігіне сәйкес орталық депозитарий жүргізген салыстырып тексеру қорытындысы бойынша алшақтықтар болмаған кезде орталық депозитарий эмитенттің төлем тапсырмасын қабылдайды, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіне тиісті мәліметтерді енгізеді және бір мезгілде эмитентке осы операциялардың орындалғаны туралы есепті жібереді.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген соманың алшақтығы анықталған кезде осы ақпарат түзету шараларын қабылдау үшін эмитентке хабарланады.

Ескерту. 40-5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-6. Егер орталық депозитарий эмитентке төлем агентінің қызметін көрсететін болса, қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде олардың өзекті деректемелері туралы мәліметтер жоқ қаржы құралдарының ұстаушыларына облигациялар бойынша дивидендтер, және (немесе) сыйақылар, және (немесе) облигацияларды өтеу үшін арналған сомаларды орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа аудару бойынша операция "Төлем агентінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы № 409 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2632 болып тіркелген) және орталық депозитарий қағидаларының жинағына сәйкес жүзеге асырылады.

Орталық депозитарий қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде олардың өзекті деректемелері туралы мәліметтер жоқ қаржы құралдарының ұстаушыларына облигациялар бойынша дивидендер, және (немесе) сыйақылар, және (немесе) облигацияларды өтеу үшін арналған сомаларды төлеуге арналған ақшаны орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа аударады, сондай-ақ орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіне тиісті мәліметтерді енгізеді және бір мезгілде эмитентке осы операциялардың орындалғаны туралы есепті жібереді.

Ескерту. 40-6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-7. Эмитент 2019 жылғы 1 шілдеде төленбеген дивидендтер болған кезде орталық депозитарийге орталық депозитарийдің ішкі құжатымен бекітілген нысанға сәйкес қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде олардың өзекті деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты дивиденд төленбеген акционерлер туралы мәліметтерді жібереді, сондай-ақ қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде олардың өзекті деректемелері туралы мәліметтер жоқ акционерлерге дивиденд төлеуге арналған ақшаны орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа аударады.

Орталық депозитарий эмитенттен алған дивиденд төленбеген акционерлер туралы мәліметтерді орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі ақпаратпен (бар болса) салыстырып тексереді, сондай-ақ эмитенттен орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа түскен ақша сомасын осы эмитенттің ұсынған мәліметтерінде көрсетілген ақша сомасымен салыстырып тексереді.

Осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес орталық депозитарий жүргізген салыстырып тексеру қорытындысы бойынша алшақтықтар болмаған кезде орталық депозитарий эмитенттің төлем тапсырмасын қабылдайды, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіне тиісті мәліметтерді енгізеді және бір мезгілде эмитентке осы операциялардың орындалғаны туралы есепті жібереді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген соманың алшақтығы анықталған кезде осы ақпарат түзету шараларын қабылдау үшін эмитентке хабарланады.

Ескерту. 40-7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-8. Қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде олардың жаңартылған деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты облигациялар бойынша дивидендтер және (немесе) сыйақылар және (немесе) облигацияларды өтеуге арналған сомалар және (немесе) қоғам таратылған кезде кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін акционерге төленуге тиіс ақша төленбеген тұлғаның деректемелері туралы мәліметтерді орталық депозитарий тұлғаның өзінің немесе осы тұлғаның депонентінің, немесе осы депонент шотының операторының жолданымы негізінде жолданымды алған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей жаңартады.

Қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде олардың жаңартылған деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақша сомасы төленбеген тұлғаның деректемелері жаңартылғаннан кейін орталық депозитарий осы тұлғаға тиесілі ақша сомасын деректемелер жаңартылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның банктік шотына аударады.

Орталық депозитарий осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген операция жүзеге асырылғаннан кейін орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған, талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шот бойынша тиісті жазбалар енгізеді, сондай-ақ осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаға және (немесе) эмитентке, бағалы қағаздарды ұстаушыға жүргізілген операция туралы есепті орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жібереді.

Ескерту. 40-8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-9. Акционерлік қоғамдар туралы заңның 25-1-бабына сәйкес өзінен ірі акционер қоғамның акцияларын сатып алған тұлға немесе осы тұлғаның номиналды ұстаушысы көрсетілген тұлғаға орталық депозитарийдің ішкі құжатында көзделген тәртіппен оған тиесілі ақшаны төлеу үшін орталық депозитарийге кез келген уақытта өтініш береді.

Ескерту. 40-9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-10. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотында жинақталған ақша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған орталық депозитарийдің корреспонденттік шотында сақталады.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны, ақша тиесілі болатын адамдарға шетел валютасындағы ақшаны есепке алу үшін шоттан

төлемдерді жүзеге асыру үшін мұндай ақша сомалары Орталық депозитарийдің қызмет көрсететін банкінде ашылған орталық депозитарийдің шотына аударылады.

Ескерту. 40-11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-11. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотында есепке алынатын ақшаның сақталуы үшін өзінің мүлкімен жауап береді.

4-тарау. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдері жүйесін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қызмет

41. Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдерінің жүйесін (бұдан әрі - тізілім) қалыптастыру және жүргізу бойынша қызмет екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары (бұдан әрі - субъектілер) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ұсынған ақпаратты қабылдау, енгізу және сақтаудан тұрады.

Осы тармақтың талабы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылмайды.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Орталық депозитарийдің тізілімді жүргізу тәртібі, сондай-ақ субъектілер беретін ақпарат форматына қойылатын талаптар орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.

43. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу орталық депозитарийдің бағдарламалық камтамасыз етуінде электрондық түрде жүзеге асырылады. Тізілімде туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат қамтылады.

Туынды қаржы құралдарымен (фьючерстермен) мәмілелер туралы ақпарат Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қалыптастырылады.

Туынды қаржы құралдарымен (опциондармен) мәмілелер туралы ақпарат Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қалыптастырылады.

Туынды қаржы құралдарымен (форвардтармен) мәмілелер туралы ақпарат Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қалыптастырылады.

Туынды қаржы құралдарымен (своптармен) мәмілелер туралы ақпарат Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қалыптастырылады.

44. Уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тізілімді жүргізу шеңберінде қалыптастырылатын орталық депозитарийдің дерекқорына қол жеткізе алады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

45. Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің заңдылығы мен түпнұсқалығын орталық депозитарий өзінің қағидалар жинағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

46. Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы ақпаратты сақтау мерзімі тізілімге ол туралы ақпарат енгізілген шарттың қолданылу мерзімі тоқтаған күннен бастап 5 (бес) жылды құрайды.

Орталық депозитарийдің
қызметін жүзеге асыру
қағидаларына
1-қосымша

Туынды қаржы құралдарымен (фьючерстермен) мәмілелер туралы ақпарат

(екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, брокердің және (немесе) дилердің, инвестициялық портфельді басқарушының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

_____ аралығы кезеңінде

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Шарт жасасқан күн.

Осы тармақта ЖЖЖЖ – жыл, КК – күн, АА – ай (бұдан әрі – ЖЖЖЖ.КК.АА.) нысанында шарт жасасқан күн көрсетіледі.

2. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күн.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күн көрсетіледі.

3. Шарт бойынша міндеттемелер жай-күйінің коды.

Осы тармақта шарт бойынша міндеттемелердің жай-күйі мынадай кодтауға сәйкес көрсетіледі:

Т – шарт талаптарын немесе тараптардың біреуінің дәрменсіздігіне байланысты жағдайларды бұзу салдарынан шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылғанын қоспағанда,

шарт бойынша міндеттемелер тиісінше тоқтатылды немесе мерзімінен бұрын тоқтатылды;

С – міндеттемелер бойынша орындау мерзімі өтті;

Р – міндеттемелерді орындау шартта көзделген негіздемелер бойынша уақытша тоқтатылды;

Д – тараптың шарт талаптарын немесе тараптардың біреуінің дәрменсіздігіне байланысты жағдайларды бұзуы салдарынан міндеттемелер тоқтатылды;

Е – шартта көзделген жағдайдың немесе оқиғаның басталу нәтижесінде шарттың қолданылу мерзімі ұзартылды.

4. Орталықтың ішкі құжаттарына сәйкес жасалған төлемдерді жүзеге асыруға жауапты қатысушының коды.

5. Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес жасалған төлемдерді алатын қатысушының коды.

6. Номиналды сома (меншікті қаражат есебінен).

Осы тармақта номиналды сома берілген валютада меншікті қаражат есебінен жасалған шарттың номиналды сомасының мөлшері көрсетіледі.

7. Номиналды сома (клиенттердің қаражаты есебінен).

Осы тармақта номиналды сома берілген валютада клиенттің қаражаты есебінен жасалған шарттың номиналды сомасының мөлшері көрсетіледі.

8. Базалық активті жеткізу күні.

Осы тармақта базалық активті ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында жеткізу күні көрсетіледі.

9. Базалық активті жеткізу кезеңі.

Осы тармақта базалық активті ЖЖЖЖ.КК.АА. бастап ЖЖЖЖ.КК.АА. дейінгі нысанында жеткізу кезеңі көрсетіледі.

10. Шарт бойынша есеп айырысу күні.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында шарт бойынша есеп айырысу күні көрсетіледі.

11. Шарт бойынша ақы төлеу кезеңі.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. бастап ЖЖЖЖ.КК.АА. дейінгі нысанында шарт бойынша ақы төлеу мерзімі көрсетіледі.

12. Есептеу әдісінің коды.

Осы тармақта мына кодтауға сәйкес есептеу әдісі көрсетіледі:

D - жеткізу;

C - есептеу;

DC – жеткізу-есептеу.

13. Шарттың фьючерстік бағасы: ашу бағасы.

Осы тармақта шарттың сауда мерзімі басталған кезде қалыптасқан бағасы көрсетіледі.

14. Шарттың фьючерстік бағасы: спот бағасы.

Осы тармақта шарттың нарықтық бағасы көрсетіледі.

Орталық депозитарийдің
қызметін жүзеге асыру
қағидаларына
2-қосымша

Туынды қаржы құралдарымен (опциондармен) мәмілелер туралы ақпарат

(екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, брокердің және (немесе) дилердің, инвестициялық портфельді басқарушының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

_____ аралығы кезеңінде

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Шарт жасасқан күн.

Осы тармақта ЖЖЖЖ – жыл, КК – күн, АА – ай (бұдан әрі – ЖЖЖЖ.КК.АА.) нысанындағы шарт жасасқан күн көрсетіледі.

2. Шарттың қолданылу мерзімі басталған күн.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанындағы шарттың қолданылу мерзімі басталған күн көрсетіледі.

3. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күн.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанындағы шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күн көрсетіледі.

4. Туынды қаржы құралдарын жіктеу коды.

Осы тармақта мыналар көрсетіледі:

1) опционның түрі:

сатып алушыға опцион бойынша базалық (базистік) активті сатуға немесе базалық (базистік) активті сатушының (опционның базалық (базистік) активі болып табылатын шарт бойынша сатушы) пайда алу құқығын беретін опцион (Пут опционы);

сатып алушыға опцион бойынша базалық (базистік) активті сатып алуға немесе базалық (базистік) активті сатып алушының (опционның базалық (базистік) активі болып табылатын шарт бойынша сатып алушы) пайда алу құқығын беретін опцион (Колл опционы).

2) опционның типі:

Америкалық опцион - опционды сатып алушы опционның орындау құқығын жүзеге асыру мерзімі ішінде оны кез келген күні орындалуын талап етуге құқылы;

Еуропалық опцион - опционды сатып алушы опцион орындалуының шартта көзделген күні ғана орындалуын талап етуге құқылы;

Бермудтық опцион - опционды сатып алушы шартта белгіленген күні оның орындалуын талап етуге құқылы.

3) базалық (базистік) актив бойынша атрибут:

үлестік құралдар (акциялар, пайлар, акцияларға депозитарлық қолхаттар);

борыштық қаржы құралдары (облигациялар, пайыздық мөлшерлемелер);

тауарлар;

валюта;

шарт;

индекс;

активтер тобы;

басқалары.

5. Туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активінің коды.

Осы тармақта туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активінің кодын мынадай түрде көрсету қажет:

егер валюта базистік актив болып табылса, валютаның коды көрсетіледі, оның бірлігіне қатысты орындау бағасы белгіленеді;

егер бағалы қағаз туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активі болып табылса, ISIN коды (халықаралық сәйкестендіру нөмірі) мұндай активтің коды болып табылады;

егер пайыздық мөлшерлеме туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активі болып табылса, мұндай активке орталық депозитарий белгілеген тәртіпте код беріледі.

егер туынды қаржы құралының базалық (базистік) активі тауар болып табылса, осындай активке код орталық депозитарий белгілеген тәртіппен беріледі.

6. Шарт бойынша міндеттемелердің жай-күйінің коды.

Осы тармақта шарт бойынша міндеттемелердің жай-күйі мынадай кодтауға сәйкес көрсетіледі:

T - шарт талаптарын немесе тараптардың біреуінің дәрменсіздігіне байланысты жағдайларды бұзу салдарынан шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылғанын қоспағанда, шарт бойынша міндеттемелер тиісінше тоқтатылды немесе мерзімінен бұрын тоқтатылды;

C - міндеттемелер бойынша орындаудың мерзімі өтті;

P - міндеттемелерді орындау шартта көзделген негіздемелер бойынша уақытша тоқтатылды;

D - тараптың шарт талаптарын немесе тараптардың біреуінің дәрменсіздігіне байланысты жағдайларды бұзу салдарынан міндеттемелер тоқтатылды;

E - шартта көзделген жағдайдың немесе оқиғаның басталу нәтижесінде шарттың қолданылу мерзімі ұзартылды.

7. Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес жасалған төлемдерді жүзеге асыруға жауапты қатысушының коды.

8. Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес жасалған төлемдерді алатын қатысушының коды.
9. Шарттың номиналды сомасы.
Осы тармақта мұндай номиналды сома берілген валютада шарттың номиналды сомасының мөлшері көрсетіледі.
10. Пайызбен белгіленген мөлшерлеме.
Осы тармақта белгіленген пайыздық мөлшерлеме көрсетіледі.
11. Баға белгілеу күні және уақыты.
Осы тармақта жеткізілмейтін туынды қаржы құралдары үшін баға белгілеу күні және уақыты көрсетіледі.
12. Белгіленген мөлшерлеменің амортизация (ұлғаю) коды.
Осы тармақта белгіленген мөлшерлеменің амортизация (ұлғаю) коды көрсетіледі.
13. Өзгермелі мөлшерлеме коды.
Осы тармақта өзгермелі мөлшерлеме коды көрсетіледі.
14. Өзгермелі мөлшерлеменің (амортизация) ұлғаю коды.
Осы тармақта өзгермелі мөлшерлеменің амортизация (ұлғаю) коды көрсетіледі.
15. Ең жоғарғы мөлшерлеме.
Осы тармақта пайыздық мөлшерлеменің жоғарғы шегі көрсетіледі.
16. Ең төменгі мөлшерлеме.
Осы тармақта пайыздық мөлшерлеменің төменгі шегі көрсетіледі.
17. Базалық (базистік) активті өлшеу бірлігінің коды.
Осы тармақта шартқа сәйкес валютаны (дананы, тоннаны, баррельді, литрді және т.б.) қоспағанда, базалық (базистік) активті өлшеу бірлігінің коды көрсетіледі.
Кодта тиісті өлшемнің өзге сандық мәні (мың дана, миллион тонна, он текше метр және т.б.) көзделеді.
18. Базалық (базистік) активтің номиналды сомасы (саны).
Осы тармақта базалық (базистік) активті өлшеу бірлігінің сандық мәні көрсетіледі.
19. Опцион бағасы (сыйлықақысы).
Осы тармақта опцион бағасы (сыйлықақысы) берілетін валютадағы сандық мәні көрсетіледі.
20. Опцион бағасы (сыйлықақысы) берілетін валюта коды.
Осы тармақта опцион бағасы (сыйлықақысы) берілетін валютада коды көрсетіледі.
21. Базалық активті жеткізу күні.
Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында базалық активті жеткізу күні көрсетіледі.
22. Базалық активті жеткізу кезеңі.
Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында базалық активті жеткізу кезеңі көрсетіледі.

Туынды қаржы құралдарымен (форвардтармен) мәмілелер туралы ақпарат

(екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, брокердің және (немесе) дилердің, инвестициялық портфельді басқарушының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

_____ аралығы кезеңінде

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Шарт жасасқан күн.

Осы тармақта ЖЖЖЖ – жыл, КК – күн, АА – ай (бұдан әрі – ЖЖЖЖ.КК.АА.) нысанында шарт жасасқан күн көрсетіледі.

2. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күн.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күн көрсетіледі.

3. Туынды қаржы құралының жіктеу коды.

Осы тармақта базалық (базистік) активтердің түрлері көрсетіледі;

үлестік құралдар (акциялар, пайлар);

үлестік қаржы құралдары (облигациялар, пайыздық мөлшерлемелер);

тауарлар;

валюта;

шарт;

индекс;

аралас инвестициялық портфель;

өзгесі.

4. Туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активінің коды.

Осы тармақта туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активінің коды мынадай түрде көрсетіледі:

егер базистік актив валюта болып табылса, орындау бағасы белгіленетін бірлікке қатысты валюта коды көрсетіледі;

егер туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активі бағалы қағаз болып табылса, осындай активтің коды ISIN коды (халықаралық сәйкестендіру нөмірі) болып табылады;

егер туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активі пайыздық мөлшерлеме болып табылса, осындай активке код орталық депозитарий белгілеген тәртіппен беріледі;

егер туынды қаржы құралының базалық (базистік) активі тауар болып табылса, онда осындай активке орталық депозитарий белгілеген тәртіпте код беріледі.

5. Шарт бойынша міндеттемелер жай-күйінің коды.

Осы тармақта шарт бойынша міндеттемелердің жай-күйі мынадай кодтауға сәйкес көрсетіледі:

T - шарт талаптарын немесе тараптардың біреуінің дәрменсіздігіне байланысты жағдайларды бұзу салдарынан шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылғанын қоспағанда, шарт бойынша міндеттемелер тиісінше тоқтатылды немесе мерзімінен бұрын тоқтатылды;

C - міндеттемелер бойынша орындау мерзімі өтті;

P - міндеттемелерді орындау шартта көзделген негіздемелер бойынша уақытша тоқтатылды;

D - тараптың шарт талаптарын немесе тараптардың біреуінің дәрменсіздігіне байланысты жағдайларды бұзу салдарынан міндеттемелер тоқтатылды;

E - шартта көзделген жағдайдың немесе оқиғаның басталу нәтижесінде шарттың қолданылу мерзімі ұзартылды.

6. Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес жасалған төлемдерді жүзеге асыруға жауапты қатысушының коды.

7. Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес жасалған төлемдерді алатын қатысушының коды.

8. Номиналды сома (меншікті қаражат есебінен).

Осы тармақта номиналды сома берілген валютада меншікті қаражат есебінен жасалған шарттың номиналды сомасының мөлшерін көрсету қажет.

9. Номиналды сома (меншікті қаражат есебінен).

Осы тармақта номиналды сома берілген валютада меншікті қаражат есебінен жасалған шарттың номиналды сомасының мөлшерін көрсету қажет.

10. Базалық активті жеткізу күні.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында базалық активті жеткізу күні көрсетіледі.

11. Базалық активті жеткізу кезеңі.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. бастап ЖЖЖЖ.КК.АА. дейінгі аралығындағы нысанында базалық активті жеткізу кезеңі көрсетіледі.

12. Баға белгілеу күні және уақыты.

Осы тармақта жеткізілмейтін туынды қаржы құралдары үшін баға белгілеу күні және уақыты көрсетіледі.

13. Шарт бойынша есептеу күні.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында шарт бойынша есептеу күні көрсетіледі.

14. Шарт бойынша ақы төлеу кезеңі.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында шарт бойынша ақы төлеу кезеңі көрсетіледі.

15. Есептеу әдісінің коды.

Осы тармақта есептеу әдісі мынадай кодтауға сәйкес көрсетіледі:

D - жеткізу;

C - есептік;

DC - жеткізу-есептік.

16. Форвард бағасы берілген валюта коды.

Осы тармақта форвард бағасы берілген валюта коды көрсетіледі.

17. Форвард бағасы төленетін валюта коды.

Осы тармақта форвард бағасы төленетін валюта коды көрсетіледі.

18. Шарттың форвард бағасы: ашылу бағасы.

Осы тармақта сауда кезеңі басталған кезде болған шарттың бағасы көрсетіледі.

19. Шарттың форвард бағасы: спот бағасы.

Осы тармақта шарттың ағымдағы нарықтық бағасы көрсетіледі.

Орталық депозитарийдің
қызметін жүзеге асыру
қағидаларына
4-қосымша

Туынды қаржы құралдарымен (своптармен) мәмілелер туралы ақпарат

(екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, брокердің және (немесе) дилердің, инвестициялық портфельді басқарушының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

_____ аралығы кезеңінде

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Шарт жасасқан күн.

Осы тармақта ЖЖЖЖ – жыл, КК – күн, АА – ай (бұдан әрі – ЖЖЖЖ.КК.АА.) нысанында шарт жасасқан күн көрсетіледі.

2. Шарттың қолданылу мерзімі басталған күн.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында шарттың қолданылу мерзімі басталған күн көрсетіледі.

3. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күн.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күн көрсетіледі.

4. Туынды қаржы құралын жіктеу коды.

Осы тармақта активтердің базалық (базистік) түрлері бойынша своптың әртүрлілігін былайша көрсету қажет:

валюталық своп;

пайыздық;
валюталық-пайыздық своп;
тауарлық своп;
бағалы қағаздардың немесе индекстің свопы;
өзге активтер немесе аралас активтер свопы.

5. Туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активтерінің коды.

Осы тармақта туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активтерінің коды мынадай түрде көрсетіледі:

егер базистік актив валюта болып табылса, орындау бағасы белгіленетін бірлікке қатысты валюта коды көрсетіледі;

егер туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активі бағалы қағаз болып табылса, осындай активтің коды ISIN коды (халықаралық сәйкестендіру нөмірі) болып табылады;

егер туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активі пайыздық мөлшерлеме болып табылса, осындай активке код орталық депозитарий белгілеген тәртіппен беріледі;

егер туынды қаржы құралдарының базалық (базистік) активі тауар болып табылса, осындай активке код орталық депозитарий белгілеген тәртіппен беріледі.

6. Шарт бойынша міндеттемелердің жай-күйінің коды.

Осы тармақта шарт бойынша міндеттемелердің жай-күйі мынадай кодтауға сәйкес көрсетіледі:

T - шарт талаптарын немесе тараптардың біреуінің дәрменсіздігі жағдайларына байланысты бұзу салдарынан шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылғанын қоспағанда, шарт бойынша міндеттемелер тиісінше тоқтатылады немесе мерзімінен бұрын тоқтатылады;

C - міндеттемелер бойынша орындаудың мерзімі өтті;

P - міндеттемелерді орындау шартта көзделген негіздемелер бойынша уақытша тоқтатылды;

D - тараптың шарт талаптарын немесе тараптардың біреуінің дәрменсіздігіне байланысты жағдайларды бұзу салдарынан міндеттемелер тоқтатылды;

E - шартта көзделген жағдайдың немесе оқиғаның басталу нәтижесінде шарттың қолданылу мерзімі ұзартылды.

7. Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес жасалған төлемдерді жүзеге асыруға жауапты қатысушының коды.

8. Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес жасалған төлемдерді алатын қатысушының коды.

9. Номиналды сома (өз қаражаты есебінен).

Осы тармақта мұндай номиналды сома берілген валютада клиенттер қаражаты есебінен жасалған шарттың номиналды сомасының мөлшері көрсетіледі.

10. Номиналды сома (клиенттер қаражаты есебінен).

Осы тармақта мұндай номиналды сома берілген валютада меншікті қаражаты есебінен жасалған шарттың номиналды сомасының мөлшері көрсетіледі.

11. Номиналды сома көрсетілген валюта коды.

Осы тармақта номиналды сома көрсетілген валюта коды көрсетіледі.

12. Пайызбен белгіленген мөлшерлеме.

Осы тармақта белгіленген пайыздық мөлшерлеме көрсетіледі.

13. Белгіленген мөлшерлеме амортизациясының (ұлғаю) коды.

Осы тармақта белгіленген мөлшерлеме амортизациясының (ұлғаю) кодын көрсету қажет.

14. Өзгермелі мөлшерлеме коды.

Осы тармақта Өзгермелі мөлшерлеме кодын көрсету қажет.

15. Өзгермелі мөлшерлеме амортизациясының (ұлғаю) коды.

Осы тармақта өзгермелі мөлшерлеме амортизациясының (ұлғаю) коды көрсетіледі.

16. Ең жоғарғы мөлшерлеме.

Осы тармақта пайыздық мөлшерлеменің жоғарғы шегі көрсетіледі.

17. Ең төменгі мөлшерлеме.

Осы тармақта пайыздық мөлшерлеменің төменгі шегі көрсетіледі.

18. Базалық (базистік) активтің өлшем бірлігінің коды.

Осы тармақта шартқа сәйкес валютаны (данасын, тоннаны, баррельді, литрді және т.б.) қоспағанда, базалық (базистік) активтің өлшем бірлігінің коды көрсетіледі.

Кодта тиісті өлшемнің өзге сандық мәні (мың дана, миллион тонна, он текше метр және т.б.) көзделуі мүмкін.

19. Базалық (базистік) активтің номиналды сомасы (саны).

Осы тармақта базалық (базистік) активтің өлшем бірлігінің сандық мәні көрсетіледі.

20. Базалық активті жеткізу күні.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында базалық активті жеткізу күні көрсетіледі.

21. Базалық активті жеткізу кезеңі.

Осы тармақта ЖЖЖЖ.КК.АА. бастап ЖЖЖЖ.КК.АА. нысанында базалық активті жеткізу кезеңі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 307 қаулысына
қосымша

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. "Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12957 болып тіркелген, 2016 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 259 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14525 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 9-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 11 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16643 болып тіркелген, 2018 жылғы 3 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 7-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 230 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17820 болып тіркелген) бекітілген Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 4-тармағы.